

## **Денисов ауданының мектептері жанындағы интернаттарда тұратын балалардың тамақтану шығынын өтеу туралы**

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 100 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 29 сәуірде № 4115 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 8-бабы 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген, Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидаларының 5-тармағына сәйкес Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Денисов ауданының мектептері жанындағы интернаттарда тұратын балалардың тамақтану шығындары жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтелсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің орынбасары Е.Н. **П о д е л о ғ а** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*В. Ионенко*